

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2025 – 2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру және бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 1 тамыздағы № 359-НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 17 қазандағы № 567-НҚ бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2025 – 2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру және бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 1 тамыздағы № 359-НҚ бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 3-қосымша осы бұйрықтың қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Білім және ғылым департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің
2025 жылғы 17 қазандағы
№ 567-НҚ бұйрығына қосымша

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша 2025-2026 оқу жылына жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (докторантура) бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бойынша қызметтерін көрсететін әлеуетті өнім берушілердің (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын) тізбесі

Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (докторантура) бар кадрларды даярлаудың мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Коды	Білім беру бағдарламаларының атауы	Орындар саны
Бөлім 1. Докторантура			
Бөлімше 1. "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі			
1.	D028	Режиссура	1
2.	D029	Театр өнері	1
3.	D030	Эстрада өнері	1
4.	D031	Хореография	1
5.	D033	Бейнелеу өнері	1
6.	D034	Өнертану	2
7.	Барлығы		7
Бөлімше 2. "Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі			
8.	D006	Музыка педагогтарын даярлау	1
9.	D022	Музыкатану	1
10.	D023	Аспаптық орындаушылық	1
11.	D024	Вокалдық өнер	1
12.	D025	Дәстүрлі музыкалық өнер	2
13.	D034	Өнертану	2
14.	D037	Арт-менеджмент	1
15.	Барлығы		9
Бөлімше 3. "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі			
16.	D022	Музыкатану	2

17.	D023	Аспаптық орындаушылық	1
18.	D024	Вокалдық өнер	1
19.	D025	Дәстүрлі музыкалық өнер	1
20.	D027	Дирижирлеу	1
21.	D037	Арт-менеджмент	1
22.	Барлығы		7
Бөлімше 4. "Қазақ ұлттық хореография академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны			
23.	D031	Хореография	2
24.	D034	Өнертану	1
25.	Барлығы		3
26.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары бойынша қорытынды		26

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК